

## Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштары қауіпсіздігінің критерийлерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19-4/289 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 9 шілдеде № 11597 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 2 маусымдағы № 172 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 02.06.2021 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштары қауіпсіздігінің критерийлері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы " "

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
\_\_\_\_\_ Қ. Қасымов  
2015 жылғы "07"

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 31 наурыздағы  
№ 19-4/289 бұйрығымен  
бекітілген

## **Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштары қауіпсіздігінің критерийлері**

1. Осы су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштары қауіпсіздігінің критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) мониторинг процесінде Қазақстан Республикасындағы су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштарының су тежейтін гидротехникалық құрылыштарының (бұдан әрі – ГТК) жай-күйінің негізгі қадағаланатын және бақыланатын техникалық көрсеткіштерін белгілейді.

2. Критерийлер мониторингін ГТК-ның меншік иелері құрылыштардың техникалық көрсеткіштерін сырттай (көзben шолу және аспаптық) байқау нәтижелері негізінде жүзеге асырады.

3. Критерийлердің сандық және сапалық мәні "Гидротехникалық құрылыштар. Жобалаудың негізгі ережелері" 3.04-01-2008 Қазақстан Республикасының құрылыш нормалары мен қағидаларына сәйкес олардың сипаттамалары, пайдалану шарттары ескеріле отырып, құрылыш жобасы құрамында әзірленеді.

4. Осы Критерийлерде мынадай анықтамалар қолданылады:

1) су тежейтін гидротехникалық құрылыш – тежеуді жасауға, су деңгейін көтеруге немесе су қоймасын құруға арналған құрылыш;

2) бақыланатын көрсеткіштер – техникалық құралдар көмегімен өлшенген немесе құрылышты өлшеу негізінде есептелген ГТК жай-күйінің сандық және сапалық сипаттамасы;

3) диагностикалық көрсеткіштер – ГТК жай-күйін диагностикалау мен бағалау үшін маңызды, "құрылыш – табан – су қоймасы" ГТК қауіпсіздігін толығымен немесе оның жеке элементтерін бағалауға мүмкіндік беретін бақыланатын көрсеткіштер;

4) K – ГТК техникалық жай-күйін мониторингілеу процесінде өлшенген, бақыланатын көрсеткіштердің мәні;

5) K<sub>1</sub> – диагностикалық көрсеткіштер мәндерінің деңгейін сақтандыратын критериалдық диагностикалық көрсеткіштердің деңгейі, оған жеткенде ГТК

тұрақтылығы, механикалық және сүзілу төзімділігі мен оның табаны, сондай-ақ су қашыртқы және су өткізгіштік құрылыштарының суды жіберу мүмкіндігі қалыпты пайдалану шарттарына әлі де сәйкес келеді;

6)  $K_2$  – критериалдық диагностикалық көрсеткіштер деңгейі, диагностикалық көрсеткіштер мәндерінің екінші (шекті) деңгейі, одан асып кеткенде жобалық режимде ГТҚ пайдалануға рұқсат етілмейді.

5. Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштарының су тежеятін гидротехникалық құрылыштарының негізгі бақыланатын және диагностикалық көрсеткіштерінің тізбесі осы Критерийлердің қосымшасында келтірілген.

6. Критерийлер:

- 1) ГТҚ-ны пайдалануға беру алдында;
- 2) пайдаланудың бастапқы екі жылдан кейін;
- 3) пайдаланудың әрбір бес жылдан кейін кемінде бір рет;
- 4) ГТҚ қайта жаңартылғаннан, күрделі жөндеуден, қалпына келтірілгеннен және пайдалану шарттарын өзгерткеннен кейін;
- 5) пайдаланудан шығарылғаннан кейін және консервациялау кезінде;
- 6) ГТҚ қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілер, қағидалар және нормалар өзгерілген кезде;
- 7) авариялық жағдайлардан кейін түзетілуге жатады.

7. ГТҚ жай-күйін бағалау  $K$  диагностикалық көрсеткішінің өлшенген мәнін оның  $K_1$  және  $K_2$  критериалдық мәнімен салыстыру негізінде жүргізіледі.  $K \leq K_1$ -де кезінде ГТҚ жай-күйі қалыпты,  $K_1 < K \leq K_2$  - әлеуетті қауіпті,  $K > K_2$ - авария алдында деп есептеледі.

Су шаруашылығы жүйелері  
мен құрылыштары қауіпсіздігінің  
критерийлеріне  
қосымша

### **Су шаруашылығы жүйелері құрылыштарының су тежеятін гидротехникалық құрылыштарының негізгі бақыланатын және диагностикалық көрсеткіштерінің тізбесі**

Типіне қарай ГТҚ жай-күйінің негізгі бақыланатын көрсеткіштері	Бақыланатын көрсеткішті өлшеудің тәсілі	Бақыланатын көрсеткішті өлшеттін техникалық құралдар	Өлшеудің болжамды кезеңділігі *	Мониторинг нәтижесі	
				$K_1$ , $K_2$ көрсеткішінің мәні	$K$ өлшенген көрсеткішінің мәні
1	2	3	4	5	6
<b>1. Бетонды ГТҚ (гравитациялық, контрфорсты, арқалы бөгеттер)</b>					

Құрылым пен оның табандының тік жылжуы (шөгүі), мм	Үстінгі маркаларды нивелирлеу	Үстінгі маркалар, жұмысшы және іргетасты реперлер	Жылына 2 рет	мм	мм
Құрылым пен оның табандарының көлденеңінен жылжуы, мм	Тұстамалар бойынша триангуляция, шамды алыстан шамалайтын байқаулар	Жұмысшы реперлер, визирлі маркалар, шамды алыстан шамалайтын байқау маркалары	Сол мерзімде	мм	мм
Құрылыштардың және оның табандының кернеуі, $\text{kg}/\text{cm}^2$ , МПа	Деформацияларды, құрылыштардың және оның табандының кернеуін қашықтықтан өлшеу	Сызықтық деформацияны өлшейтін түрлендіргіштер, ішекті типті күштер	Айна 1 рет	$\text{kg}/\text{cm}^2$ , МПа	$\text{kg}/\text{cm}^2$ , МПа
Бетонды құрылыштың ұлтасындағы түйісін кернеу, $\text{kg}/\text{cm}^2$ , МПа	Бақыланатын алаңға келетін күшті қашықтықтан өлшеу,	Ішекті типті күштерді өлшейтін түрлендіргіштер	Сол мерзімде	$\text{kg}/\text{cm}^2$ , МПа	$\text{kg}/\text{cm}^2$ , МПа
Құрылыштың секцияаралық жапсарларын ашу	Жапсарлардың ашылуын қашықтықтан өлшеу	Ішекті типті сызықтық ауысулықты өлшейтін түрлендіргіштер	Айна 3 рет	мм	мм
Құрылыштың секцияаралық жапсарлары бойынша секциялардың өзара жылжуы, мм	Бөгөт секцияларының өзара жылжуын тікелей өлшеу	Қайта жаңғыртылған щелемер, штангенщелемер	Сол мерзімде	мм	мм
Жартас пен құрылыштың түйісі бойынша жарықтың үйкелу шамасы, мм	Жартас пен құрылыштың түйісі бойынша жапсардың ашылуын қашықтық өлшеу	Сызықтық деформацияны, ішекті типті сызықтық ауысулықты өлшейтін түрлендіргіштер	-	мм	мм
Құрылыштағы жарықтар мен блокаралық жапсарларды ашу, мм	Жарықтардың, блокаралық жапсарлардың ашылуын қашықтықтан өлшеу	Сызықтық деформацияны, ішекті типті сызықтық ауысулықты өлшейтін түрлендіргіштер	-	мм	мм
Құрылым бетонының және оның табандының температурасы, $^{\circ}\text{C}$	Бетон температурасын қашықтықтан өлшеу	Ішекті типті температуралы өлшейтін түрлендіргіштер	-	C	C
Дренажды құрылғыларға түсетін	Шығыстарды қашықтықтан				

немесе жоғарғы бетіне шығатын сұзілу шығыстары, л/с	өлшеу, немесе өлшейтін сағарда су деңгейін тікелей өлшеу	Сұйықтық деңгейін өлшейтін түрлендіргіштер, өлшегіш рейка	-	л/с	л/с
Құрылыштардың табанындағы және жағалау қабысуларындағы пьезометриялық қысым, м	Құрылыштардың табанында пьезометриялық деңгейлерді тұра немесе қашықтықтан өлшеу	Ішекті типті қысымды өлшейтін түрлендіргіштер, үлгілік манометрлер	-	М	М
Құрылыштардың табанындағы пьезометриялық градиенттер, мөлшерсіз	Құрылыштар табанында өлшенген қысымдар бойынша есептеледі	-	Айна 3 - рет	Мөлшерсіз көлем	Мөлшерсіз көлем
Құрылыштардың және оның табанының сейсминалық толқуының параметрлері (жиілігі, Гц; өзінің толқуларының кезеңі, с)	Толқулар жеделдеуін, амплитудасын автоматтық күту режимінде өлшеу	Сейсмометрикалық аппаратура	Үнемі	Гц,с	Гц,с
Төменгі бъефте арнаның шайылу сипаттамасы (терендігі, м; шайылу шұңқырының алаңы, м <sup>2</sup> )	Сұнгуірлер немесе эхолоттардың көмегімен шаю шұңқырларын тұра өлшеу	Эхолоттар, өлшейтін ленталар	Жылына 1 рет	М, м <sup>2</sup>	М, м <sup>2</sup>
Құбылмалы деңгейдің белдеуінде бетонның бұзылуы, мм	Бетонның бұзылу тереңдігін тұра өлшеу	Сағат типті индикатор базасындағы деформометр	Жылына 2 рет	ММ	ММ
Бетонның ірі толықтыруышларының реакциялық қасиеттері салдарынан бетонның бұзылуы, мм	Бетонның бұзылу тереңдігін тұра өлшеу	Сол аспаппен	С о л мерзімде	ММ	ММ

2. Топырақты материалдардан жасалған құрылыштар (бөгеттер, дамбалар және т.б.)

Құрылыштың қыры мен оның табанының тік жылжыу (шөгуі), мм	Үстіңгі маркаларды, тереңдіктегі маркаларды ниверлеу	Үстіңгі, тереңдіктегі маркалар, жұмысшылар және іргетасты реперлер	Жылына 2 рет	ММ	ММ
Құрылыштар қырларының	Тұстамалар бойынша триангуляция,	Жұмысшы және іргетасты реперлер, визирлі маркалар,	С о л мерзімде	ММ	ММ

көлденеңін ығысуы, мм	шамды алыстан шамалайтын бакылаулар	шамды алыстан өлшеуге арналған маркалар			
Құрылыштың сутірек элементтеріндегі және оның табанындағы булы қысым, МПа	Құрылыштың сутірек элементтерінде булы қысымды қашықтықтан өлшеу	Ішекті типті қысымды өлшейтін түрлендіргіштер	Айна 3 рет	МПа	МПа
Дренажды құрылғыларға түсептің немесе жоғары бетіне шығатын сұзілу шығыстар, л/с	Шығыстарды қашықтықтан өлшеу немесе өлшейтін суагарда су деңгейін тікелей өлшеу	Сұйықтық деңгейін өлшейтін түрлендіргіштер, ультрадыбысты шығысты өлшеуіштер, өлшегіш рейка	Сол мерзімде	л/с	л/с
Құрылыштардың денесіндегі, жағалау қабысуларындағы сұзілілену ағынының депрессиялық бетінің белгісі	Пьезометриялық деңгейді қашықтықтан өлшеу немесе пьезометриялық деңгейінің белгілерін тұра өлшеу	Ішекті типті қысымды өлшейтін түрлендіргіштер, қысымды және қысымсыз пьезометрлер, үлгілік манометрлер, жартылдағыштар, деңгей өлшеуіштер	-	М	М
Құрылыштың сутірек элементтеріндегі, табанындағы қысым градиенттері, өлшеусіз	Құрылыштың және оның табанында өлшенген пьезометрикалық қысымдар бойынша есептеледі	-	Айна 3 - рет	Өлшеусіз	Өлшеусіз
Құрылыштың және оның табанының температурасы, °C	Құрылыштың және оның табанының температурасын қашықтықтан өлшеу	Ішекті типті температураны өлшейтін түрлендіргіштер	Сол мерзімде	°C	°C
Құрылыштардың және оның табанының сейсмикалық толқуының параметрлері (жиілігі; Гц; өзінің толқуларының кезеңі, с)	Толқулар жеделдеуін, амплитудасын автоматтық күту режимінде өлшеу	Сейсмометрикалық аппарата	Үнемі	Гц,с	Гц,с
Құрылыштың сыртында төменгі бьефте грифондардың болуы, л/с	Сұзгілену шығыстарын өлшеу	Суагардың бетінен судың деңгейін өлшеуге арналған рейкамен өлшеулі су ағызы	Айна 3 рет	л/с	л/с
Ашық-жасыл шөпті жамылғымен төменгі					

беткейде аймактардың болуы, м <sup>2</sup>	Аймактар аландарын өлшеу	Рулетка	С о л мерзімде	м <sup>2</sup>	м <sup>2</sup>
Бөгеттің қырқасында және жотасында отыру шұңқырлардың пайда болуы, см, м <sup>3</sup>	Шұнқырдың диаметрін, алаңын және тереңдігін өлшеу	-	-	см, м <sup>2</sup>	см, м <sup>2</sup>
Бөгеттің қырқасында тік және көлденең жарықтардың пайда болуы, м, мм	Жарықтардың ашылуын және ұзындыған өлшеу	-	-	М, ММ	
3. Устіңгі және төменгі бьефтерде топырақтың қабысуы					
Сыргыма және әлеуетті орнықсыз массивтерде тігінен ығысуы, мм	Устіңгі және терең маркаларын нивелирлеу	Устіңгі және терең маркалар	Жылына 4 рет	ММ	ММ
Сыргыма және әлеуетті орнықсыз массивтердегі көлденең ығысуы, мм	Триангуляция, шамды алыстан шамалайтын байқаулар	Реперлер, маркалар	С о л мерзімде	ММ	ММ
Сыргыма және әлеуетті орнықсыз массивтердегі жер асты сулардың деңгейі, м	Пъезометрикалық деңгейлерді өлшеу	Пъезометрлер, деңгей өлшеуіштер, жартылдағыштар	Айна 1 рет	М	М
Сыргыма және отыру жарықтарының пайда болуы, м, см	Ұзындығын, енін, тереңдігін суреттеу өлшеу	Рулетка	Айна 3 рет	М, см	М, см
Артық ылғалдану аймактарының болуы, м <sup>2</sup>	Су шыққан аландарды өлшеу	Рулетка	С о л мерзімде	м <sup>2</sup>	м <sup>2</sup>
Төменгі бьефте жер асты суларының жинақталған шығуларының болуы, л/с	Сұзгілену шығыстарын өлшеу	Өлшейтін суагар	Тәулігіне бір рет	л/с	л/с
Топырақтың суффозиондық шығуының болуы, г/л	Жүзінді санын өлшеу	Өлшейтін ыдыс	Айна 3 рет	г/л	г/л
Отыру және суффозиондық шұңқырлардың болуы, м	Суреттеу, шұңқырлардың санын және көлемін өлшеу	Рулетка	С о л мерзімде	М	М
Криогенді деформацияның болуы, м	Деформация сипаты, мөлшері, таралу алаңы	-	Жылына бір рет	М	М

Ескертпе: \*Пайдалану тәжірибесін негізге алғып, әрбір құрылым үшін өлшеу кезеңділігі ГТҚ сыныптылығына, жай-күйіне, пайдалану кезеңіне және де басқа да факторларға байланысты тағайындалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК